
Эмитенттің атқарушы органының өкілеттіктері басқа коммерциялық ұйымға (басқарушы ұйымға) берілген жоқ.

10 ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ҚЫЗМЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ТҮРЛЕРІН КӨРСЕТЕ ОТЫРЫП, ЭМИТЕНТТІҢ ҚАРЖЫ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ШАРУАШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ КӨРСЕТКІШТЕРІ

23. Эмитент қызметінің түрлері:

1) негізгі қызмет түрі:

жеке және (немесе) заңды тұлғаларға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қамтамасыз етіле отырып не қамтамасыз етілмей микрокредиттер беру, сондай-ақ «Микроқаржылық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңында және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық актілерінде белгіленген қосымша қызмет түрлерін көрсету.

2) маусымдық сипаттағы қызмет түрлерін және эмитенттің жалпы табысындағы олардың үлесін көрсете отырып, эмитенттің қызмет түрлерінің қысқаша сипаттамасы:

Компания өз қызметін 1997 жылғы 20 қарашада Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қарыз операцияларын жүргізуге арналған лицензиясын алған «Қауымдарды кредиттеу қоры» коммерциялық емес корпоративтік қоры ("ҚКҚ" КҚ) ретінде бастады. "ҚКҚ" КҚ құрылтайшысы АҚШ Халықаралық даму агенттігі (USAID) қаржыландыратын жоба шеңберінде АҚШ үкіметтік емес ұйымы ACDI/VOCA корпорациясы болды. Компанияның алғашқы филиалы Талдықорғанда ашылды - ол кезде Қазақстанның қатты экономикалық күйзеліске ұшыраған қалаларының бірі еді. "ҚКҚ" КҚ топтық ортақ жауапкершілік негізінде кепіл бермей, 7 500 теңгеден (сол кезде \$100) басталатын сомаға қадамдық қысқа мерзімді микрокредиттер берген республикадағы алғашқы компаниялардың бірі болды.

2004 жылы Қазақстан Республикасының заңнамасындағы өзгерістердің нәтижесінде ҚКҚ «Қазақстандық Кредиттеу Қоры» микрокредиттік ұйымы («ҚКҚ» МКҰ) болып қайта тіркелді. 2006 ж. қарашада коммерциялау мақсатында «ҚКҚ» МКҰ

коммерциялық емес ұйым бола тұра, еншілес коммерциялық компания – «KazMicroFinance» МКҰ» ЖШС (бұдан әрі – ҚМФ) құрды. 2007 жылы микрокредит беру бойынша барлық негізгі қызмет, кредиттік портфель, негізгі қаражаттар, міндеттемелер мен қызметкерлер ҚКҚ-дан ҚМФ-ке ауыстырылды, ал ҚКҚ «ҚМФ-Демеу» болып өзгертілді.

Қазіргі уақытта Компания микроқаржы нарығының 35% үлесін алып, Қазақстандағы ең ірі МКҰ болып табылады. Компанияның портфелі 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 136 млрд. теңгені (шамамен 324 млн. АҚШ доллары) құрады, клиенттер саны – 222 мыңнан астам адам, 112 офисте 1 811 қызметкер Қазақстанның 17 өңірінің 14 қамтып, соның ішінде Алматы, Нұр-Сұлтан және Шымкент қалаларын қоса алғанда, 3 500-ден астам елді мекенге қызмет көрсетеді.

2020 жылдың қорытындысы бойынша ҚМФ-те 5 кредиттік өнім жұмыс істейді, олардың әрқайсысы клиенттердің қажеттіліктеріне қарай топтық және жеке кредит беру үшін қолжетімді.

- **Топтық кредиттеу** – 5 000 000 теңгеге дейінгі сома, мерзімі 60 айға дейін.

Топтық кредиттеу "Достар" өнімімен ұсынылған. Бұл өнім кепілдік қамтамасыз етуді ұсынуға мүмкіндігі жоқ клиенттерге арналған. Бұл жағдайда топ мүшелері кепілгер болады. Кредиттеудің бұл түрі, әсіресе, кепілдікті қамтамасыз етудің болу мәселесі аса өзекті болып табылатын ауылдық жерлердің тұрғындары үшін қолжетімді және ыңғайлы.

«Достар» өнімі – клиенттер 2-ден 10 адамға дейін топқа бірігеді. Кредиттер топтық ортақ жауапкершілік кепілімен беріледі. Сонымен қатар, 2 000 000 теңгеге дейінгі сомада кредит беру тобы 2 адамнан тұруы мүмкін. Егер олар кредит сомасын 2 млн. теңгеден жоғары ұлғайтуды қажет етсе, олар үшінші клиентті тартады. «Достар» өнімінде сатылы кредиттеу жүйесі бар. Кредиттің бірінші сомасын өтеген кезде топ мүшесі төлем қабілеттілігін талдау негізінде келесі қадамдағы кредит сомасын алдыңғысынан асатын мөлшерде ала алады.

- **Жеке кредиттеу** – 50 000 000 теңгеге дейінгі сома, мерзім 84 айға дейін.

Жеке кредиттеу ҚМФ-те «Микро», «Стандарт», «МСБ» кредиттік өнімдерімен ұсынылған. Кредиттер өнім шарттарына байланысты кепілдің әртүрлі түрлеріне беріледі.

«Шаңырақ» өнімі жаңа, сондай-ақ белсенді клиенттерге тұрғын үй жағдайларын жақсартуға, атап айтқанда, қолда бар жылжымайтын мүлікті жөндеуге және қайта жаңартуға кредит қаражатын беруге бағытталған. Сомасы 3 000 000 теңгеге дейін, мерзімі 60 айға дейін.

Өнім Habitat for Humanity International компаниясымен бірлесіп әзірленді және 2014 жылы енгізілді. Кредит беру кезінде кредит қаражатын оңтайлы пайдалану мақсатында құрылыс және жөндеу бойынша Habitat for Humanity International технологиялары мен ұсынымдары пайдаланылады.

Кредит беру шарттары клиенттің кіріс көзіне байланысты: «Бизнес», «Агро», «Жалақы». Егер клиентте әр түрлі табыс көздері болса, өнім үлес салмағы жиынтық кірістегі үлкен үлесті құрайтын негізгі көзге байланысты белгіленеді.

Кірістің барлық көздері бар өнімдер жеңілдік кезең шарттарына ие. Жеңілдікті кезең-бұл клиент үшін ыңғайлы шарт, ол ақша қаражаттарының ағыны маусымға сәйкес бөлінген кезде үлкен икемділікті көздейді.

Кіріс көздері бойынша бұл өнімдердің барлығы келесі түрлерге бөлінеді:

01.01.2021 ж. кіріс көздері бойынша ҚМФ өнімдері.

Кіріс көзі	Мақсат	Қысқаша сипаттама	КП-дегі үлес, %
Бизнес	Кәсіпкерлікті дамыту	Кәсіпкерлерге бизнесті дамытуға беріледі	51%
Агро	Ауыл шаруашылығын дамыту	Ауыл шаруашылығы кәсіпкерлеріне өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығын дамытуға беріледі.	40%
Жалақы	Тұтынушылық мақсаттар	Тұрмыстық техниканы сатып алуға, білім алуға, медициналық қызмет көрсетуге, жөндеуге, құрылысқа және басқа да тұтынушылық қажеттіліктерге беріледі.	9%

Компания қызметінің бір бағыты негізінен ауылдық жерлердегі (клиенттердің ~68% - ауыл тұрғындары) кәсіпкер әйелдердің әлеуметтік тобын қолдау болып табылады (қазіргі уақытта клиенттердің ~57% – әйелдер).

Бұдан басқа, өнімдер мен қызметтерді цифрландыру нарығының үрдістеріне сүйене отырып, 2020 жылдан бастап Компания **KMFast** және **KMFast turbo** – тұтынушылық мақсаттарға онлайн кредит беруді іске қосты. Осы өнімдер бойынша қарау мерзімі 2 минут.

«**KMFast turbo**» өнімі - 30 және 45 күн мерзіммен 5 мыңнан 125 мың теңгеге дейінгі сомаға кредит.

«**KMFast**» өнімі - 3 айдан 36 айға дейінгі мерзіммен 125 мыңнан 1 млн теңгеге дейінгі сомаға кредит.

Сондай-ақ, 2020 жылы Микро - мобильді қосымшасы арқылы кез-келген кіріс көзі бар жеке өнімдерді жылжытудың жаңа арнасы іске қосылды. Жыл соңына дейін осы арна арқылы 9 млрд. теңгеге жуық сомаға 20 000 кредит берілді.

Бұдан басқа, ҚМФ КМФ-Демеу Қорының қолдауымен «Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру» жобасын іске асыруда. Жобаның негізгі мақсаты оқыту семинарларына тегін қатысу мүмкіндігін ұсыну арқылы халыққа қаржылық емес қолдау көрсету болып табылады. Жоба аясында ҚМФ кез келген ниет білдірген азамат үшін тегін сабақтар мен семинарлар өткізеді, 155 000 қатысушы ол бойынша оқытудан өтті. Сондай-ақ, КМФ-Демеу Қорымен бірлесіп «Бизнесті басқаруда кәсіпкерлердің қаржылық сауаттылығын арттыру» бойынша екінші жоба іске қосылды, оның мақсаты қаржылық талдауды, ақша ағындарын басқаруды, маркетингті, сату техникасын және адам ресурстарын басқаруды қоса алғанда, бизнесті басқару дағдыларына үйрету болып табылады. Бизнесті басқару курсы баспа және видео-форматта да қолжетімді.

Қызметпен <https://kmf.kz/> интернет-ресурсында егжей-тегжейлі танысуға болады.

Маусымдық сипаттағы қызметті Эмитент жүзеге асырмайды.

3) *эмитенттің бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:*

Эмитенттің бәсекелестері ретінде Қазақстан Республикасының басқа да микроқаржы ұйымдарын қарастыруға болады, олардың кейбіреулері төменде көрсетілген:

№	Атауы	Активтердің мөлшері, мың теңге	Орналасқан жері
1	«Тойота Файнаншл Сервисез Қазақстан» Микроқаржы ұйымы» ЖШС	74 687 974	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Наурызбай Батыр көш., 17, 302-п.
2	«ОнлайнКазФинанс» Микроқаржы ұйымы» ЖШС	31 839 394	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Наурызбай Батыр көш., 8
3	«Арнур Кредит» Микроқаржы ұйымы» ЖШС	21 324 753	Қазақстан Республикасы, Шымкент қ., Тәуке Хан даңғ., 35
4	«МК-Финанс» Микроқаржы ұйымы» ЖШС	13 391 045	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әл-Фараби даңғ., 107
5	«Ырыс» Микроқаржы ұйымы» ЖШС	11 713 473	Қазақстан Республикасы, Түркістан қ., Тәуке Хан даңғ., 321
6	«Шинхан Финанс» Микроқаржы ұйымы» ЖШС	9 237 903	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов көш., 48, 2-қабат, офис 2/3
7	«TAS CREDIT» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС	8 154 142	Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қаскелең қ., Абылай хан көш., 111/1
8	«Азиялық несие қоры» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС	8 120 619	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Әуезов көш., 60, 4-қабат, офис 410
9	«TAS FINANCE GROUP» Микроқаржылық ұйымы» ЖШС	5 522 341	Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Қаскелең қ., Абылай хан көш., 74

4) *эмитент қызметінің негізгі түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар:*

Сату кірістілігіне оң әсер ететін факторлар	Сату кірістілігіне теріс әсер ететін факторлар
<ul style="list-style-type: none"> • 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап кредиттік бюроның деректеріне қол жеткізу; • микрокредиттің ең жоғары сомасын 	<ul style="list-style-type: none"> • қарыз алушылардың борыштық жүктемесінің коэффициентін белгілеу; • пандемияның салдарына байланысты 2020 жылдың басынан бастап

<p>ұлғайту;</p> <ul style="list-style-type: none"> • меншікті активтерді бағалы қағаздарға және өзге қаржы құралдарына инвестициялау мүмкіндігін алу; • бағалы қағаздарды шығару мүмкіндігі; • өз қызметін қаржыландыру мүмкіндіктерін кеңейту; • кең филиалдық желі және Қазақстанның ауыл халқын терең қамту; • халықаралық акционерлер қолдайтын қаржыландыруға қол жеткізу. 	<p>Қазақстан экономикасында және әлемдік экономикада туындаған макроэкономикалық процестерге байланысты қарыз алушылардың алынған микрокредиттер бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамау тәуекелінің ұлғаюы;</p> <ul style="list-style-type: none"> • банктер және әлеуетті жаңа МҚҰ, тұтынушылардың цифрлық кредиторлары және қаржылық қызметтерді жеткізушілер тарапынан өсіп келе жатқан бәсекелестік; • жоғары мөлшерлеменен PDL-компаниялардың теріс әсері (Pay Day Loan - жалақыға дейін қарыз); • клиенттердің қаржылық қызметтердің кең спектрін ұсына алатын бәсекелестерге кетуі.
--	--

- 5) *эмитентте бар лицензиялар (патенттер) және олардың қолданылу кезеңі, зерттеулер мен әзірлемелерге, оның ішінде эмитент демеушілік жасайтын зерттеу әзірлемелеріне арналған шығындар туралы ақпарат:*

Эмитенттің Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Алматы қаласындағы өңірлік өкілдер басқармасы берген 26.02.2021 жылғы №02.21.0003.М микроқаржылық қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар.

- 6) *эмитентке жеткізілетін (көрсетілетін) шикізаттағы (жұмыстардағы, көрсетілетін қызметтердегі) импорттың үлесі және өткізілетін өнімнің (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы көлеміндегі эмитент экспортқа өткізетін (көрсететін) өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) үлесі;*

Эмитент шикізат (жұмыстар, көрсетілетін қызмет) импортын жүзеге асырмайды және өнімді (жұмыстар, көрсетілетін қызмет) экспортқа өткізбейді (көрсетпейді).

- 7) *эмитенттің қатысуымен сот процестерінің мәнін көрсете отырып, эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, одан эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан асатын пайызы мөлшерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне эмитенттің қатысуы туралы мәліметтер:*

Эмитент Эмитенттің қызметін тоқтату немесе өзгерту, Эмитенттен Эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан асатын пайызы мөлшерінде ақшалай және өзге де міндеттемелерді өндіріп алу тәуекелімен байланысты сот процестеріне қатыспайды.

- 8) *Эмитенттің қызметіне әсер ететін басқа да тәуекел факторлары.*

Эмитент осы проспектіде көрсетілгендерден басқа, өзге де тәуекел факторларының болуын болжамайды.

- 24. Тауар айналымының (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) көлемі өндіретін немесе тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) және одан асатын пайызын құрайтын**

эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, көрсетілетін қызметтерін) тұтынушылар мен жеткізушілер туралы мәліметтер:

Эмитентте көрсетілетін қызметтерінің көлемі Эмитент көрсететін қызметтердің жалпы құнының 10 (он) және одан асатын пайызын құрайтын Эмитент қызметінің тұтынушылары жоқ.

Төменде 01.07.2020 – 30.06.2021 жылдар кезеңінде тауар айналымының (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) көлемі Эмитент тұтынатын тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) жалпы құнының 10 (он) пайызынан астамын құрайтын Эмитенттің тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) жеткізуші туралы мәліметтер келтірілген:

Жеткізушінің атауы (тіркелген ел, қала)	Осы жеткізушіден сатып алу көлемі, мың теңге	Сатып алынған тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) жалпы көлемінен үлес, %
«CNP Processing Kazakhstan» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Алматы	591 630	14,8 %

25. Әрбір активтің тиісті баланстық құнын көрсете отырып, эмитент активтерінің жалпы көлемінің 10 (он) және одан асатын пайызын құрайтын эмитенттің активтері:

Активтің атауы	30.06.2021 ж. жағдай бойынша активтердің жалпы көлемінен үлес, %	Активтің баланстық құны, мың теңге
Клиенттерге кредиттер	87,97%	140 559 610

26. Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан асатын пайызы мөлшеріндегі дебиторлық берешек:

Эмитентте Эмитент активтерінің баланстық құнының 10 (он) және одан асатын пайызы мөлшерінде дебиторлық берешек жоқ.

27. Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан асатын пайызын құрайтын эмитенттің кредиторлық берешегі:

Эмитентте Эмитент міндеттемелерінің баланстық құнының 10 (он) және одан асатын пайызы мөлшерінде кредиторлық берешек жоқ.

28. Эмитент левереджінің шамасы:

	31.12.2019	31.12.2020	30.06.2021
Міндеттемелер, мың теңге	111 140 134	106 762 799	110 428 912
Меншікті капитал, мың теңге	36 461 953	47 544 206	49 347 448
Левередж	3,0	2,2	2,2

29. Аудиторлық есеппен расталған қаржылық есептілігі негізінде есептелген, соңғы аяқталған екі қаржы жылы үшін эмитент қызметінен алынған таза ақша ағындары:

Мың теңге

	2019 жыл	2020 жыл
Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	17 104 293	13 766 120
Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	- 826 589	- 6 831 292
Қаржы қызметінен түскен ақша қаражатының таза сомасы	4 259 759	- 5 458 652
Жиыны: ақша қаражатының ұлғаюуы / азаюуы	1 897 411	- 4 240 368
Есепті кезеңнің соңындағы ақша қаражаты және олардың баламалары	9 055 910	4 815 542

30. Эмитенттің борыштық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдары (облигациялардың өтелген және күші жойылған шығарылымдарын қоспағанда) туралы облигациялардың осы шығарылымы туралы шешім қабылданған күнге дейінгі мәліметтер:

Эмитент бұрын борыштық бағалы қағаздардың шығарылымын тіркемеді.

11 ТАРАУ. ЭМИТЕНТ ТУРАЛЫ ЖӘНЕ ОЛ ОРНАЛАСТЫРАТЫН ЭМИССИЯЛЫҚ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР ТУРАЛЫ ҚОСЫМША МӘЛІМЕТТЕР

31. Облигацияларды ұстаушыға берілетін құқықтар:

- 1) облигациялар шығарылымы проспектісінде көзделген мерзімде эмитенттен облигациялардың номиналды құнын немесе өзге мүліктік баламасын алу құқығы, сондай-ақ, облигацияның номиналды құнының ол бойынша бекітілген пайызын не облигациялар шығару проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;
- 2) осы құқықты іске асыру шарттарын, тәртібін және мерзімдерін көрсете отырып, оның ішінде облигациялар шығару проспектісінде көзделген ковенанттарды (шектеулерді) бұзған кезде облигацияларды эмитенттің сатып алуын талап ету құқығы;
- 3) өзге де құқықтар.

Бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

32. Туындаған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалар туралы мәліметтер:

- 1) туындаған кезде эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялау ықтималдығы бар оқиғалардың тізбесі;
- 2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындағанда жағдайда эмитент қолданатын шаралар;

- 3) орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелердің орындалмау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілік көтеретін тұлғаларға талап қоюмен жүгіну тәртібі туралы мәліметтерді қамтитын дефолт фактілері туралы ақпаратты облигация ұстаушылардың назарына эмитенттің жеткізу тәртібі, мерзімі және тәсілдері;
- 4) эмитент облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапкершілік көтеретін тұлғалармен жасалған шарттың күні және нөмірі, осы тұлғалардың толық атауы, сондай-ақ олардың мемлекеттік тіркелген күні (мұндай тұлғалар болса).

Бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

33. Облигацияларды өтеу сәтіне дейін сыйақыларды төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақыларды төлеу және негізгі борыш сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы:

Бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

34. Эмитент орналастыратын облигацияларды сатып алумен байланысты тәуекелдер:

- 1) салалық тәуекелдер - эмитенттің саласындағы жағдайдың ықтимал нашарлауының оның қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері сипатталады. Эмитенттің пікірі бойынша саладағы неғұрлым маңызды ықтимал өзгерістер келтіріледі (ішкі және сыртқы нарықтарда бөлек):

Эмитент өз қызметін Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асырады. Осыған байланысты Эмитенттің қызметіне байланысты салалық тәуекелдер қызметті ішкі нарықта жүзеге асыру кезінде туындайды. Эмитенттің қызметіне қатысты ең маңызды тәуекелдердің ішінде мыналарды көрсетуге болады:

- нарықтағы бәсекелестіктің күшеюіне байланысты тәуекелдер;
- клиенттердің кредитті өтеу қабілетінің өзгеруі (клиенттер санының азаюы нәтижесінде жасалатын мәмілелер көлемінің өзгеруі);
- жалпы макроэкономикалық конъюнктураның әсерінен Эмитенттің қызметтеріне сұраныстың өзгеруі (сұраныстың өзгеруі есебінен);
- елдегі экономикалық жағдайдың жалпы нашарлауына және соның салдарынан, микрокредит беру нарығындағы белсенділіктің төмендеуіне байланысты тәуекелдер.

Осы проспектіні бекіту күні Эмитент сыртқы нарықта қызметін жүзеге асырмайды.

эмитенттің өз қызметінде (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке) пайдаланатын шикізатқа, көрсетілетін қызметтерге бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және олардың эмитенттің қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері жеке сипатталады:

Эмитент өз қызметінде шикізат пайдаланбайды, ал өзіндік құн құрылымында бөгде ұйымдардың қызметтерін тұтыну үлесі мардымсыз, сондықтан шикізат пен көрсетілетін қызметтерге бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер жоқ және олар Эмитенттің қызметіне және Эмитенттің бағалы қағаздары бойынша міндеттемелерін орындауына әсер етпейді.

Осы проспектіні бекіту күні Эмитент сыртқы нарықта қызметін жүзеге асырмайды.

эмитенттің өніміне және (немесе) көрсететін қызметтеріне (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке) бағаның ықтимал өзгерісіне байланысты тәуекелдер және олардың эмитенттің қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерінің орындалуына әсері жеке сипатталады:

Ішкі нарықта Эмитенттің көрсетілетін қызметтеріне бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер бәсекелестердің іс-әрекеттерімен және қорландыру құнының ұлғаюымен шартталуы мүмкін, бұл тұтастай алғанда микрокредит беру нарығының пайыздық маржасының және тиісінше Эмитенттің мәмілелері бойынша кірістілігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Эмитент осы тәуекелдің өз қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауға әсерін жоғары емес деп бағалайды. Осы тәуекелді төмендету мақсатында Эмитент бизнестің операциялық тиімділігін арттыру және қорландыру құнын төмендету бойынша іс-шараларды жүзеге асырады.

Осы проспектіні бекіту күні Эмитент сыртқы нарықта қызметін жүзеге асырмайды.

- 2) *қаржылық тәуекелдер - пайыздық мөлшерлемелердің, шетел валюталарын айырбастау бағамының, сондай-ақ бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарына нарықтық бағалардың қолайсыз өзгеруіне байланысты тәуекелдерге эмитенттің қаржылық жағдайының ұшырағыштығы сипатталады:*

Эмитенттің қызметі экономикалық жағдайдың өзгеруіне және қаржы нарықтарының конъюнктурасына тәуелді қаржылық тәуекелдермен түйіндескен. Эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін тәуекелдерге мыналар жатады:

- кредиттік тәуекел;
- өтімділік тәуекелі;
- валюталық тәуекел (шетел валюталарының айырбастау бағамының қолайсыз өзгеруіне байланысты тәуекел);
- пайыздық тәуекел (пайыздық мөлшерлемелердің қолайсыз өзгеруіне байланысты тәуекел);
- нарықтық тәуекел (бағалы қағаздар мен туынды қаржы құралдарына нарықтық бағалардың қолайсыз өзгеруіне байланысты тәуекел).

Кредиттік тәуекел

Эмитент кредиттік тәуекелді, атап айтқанда қарыз алушы берешекті белгіленген мерзімде толық өтей алмау тәуекелін өзіне қабылдайды. Кредиттік тәуекелі бар операцияларды атқару кезінде қарыз алушыларға/кредиттік өнімдерге/кредиттік портфельдің басқа бөлімдеріне лимит белгілеу нысанында кредиттік тәуекелге шектеулер қойылады. Бұл ретте Эмитент жоғары кредиттік тәуекелдің себептерін уақтылы қадағалау және жою мақсатында лимиттер мен шектеулерді басқару процесін барынша автоматтандыруды болжайды. Кредиттік тәуекелді басқарудың мақсаты қарыз алушылардың өз міндеттемелерін орындамауы салдарынан Эмитенттің шығындарын барынша азайту және кредиттік тәуекелді ескере отырып, Эмитенттің кірістілігін барынша ұлғайту болып табылады. Кредиттік тәуекелдерді басқару міндеттері:

- кредиттік тәуекелдерді талдау және бағалау;
- тәуекелдердің шамасын анықтау;
- кредиттік тәуекелдерді басқару;
- кредиттік тәуекелдерді басқару тиімділігін бақылау.

Кредиттік тәуекелді және өтімділік тәуекелін басқару шеңберінде Эмитент ақша қаражаты мен олардың баламаларын орналастыратын қаржы және банк институттарының қаржылық тұрақтылығына тұрақты түрде талдау жүргізеді. Ақшалай қаражат пен оның баламалары В-дан ВВВ-ға дейінгі кредиттік рейтингі бар Қазақстанның ірі банктерінде орналастырылды.

Клиенттерге берілген кредиттерді бағалаудың негізгі өлшемдері:

- қарыз алушының қаржылық жағдайы;
- қарыз алушының борышқа қызмет көрсету сапасы.

Кредиттік тәуекелге шектеулерді әзірлеуді, өзектендіруді және сақталуын бақылауды Эмитенттің жауапты қызметкерлері жүзеге асырады. Кредиттік тәуекелге ұшыраған барлық активтер бойынша тәуекел деңгейін бағалау кезінде тәуекел деңгейін бағалау жеке алынған несиелерді талдаусыз (жеке тәсіл) портфельдерге біріктірілген біртекті кредиттер пулы бойынша жүргізілген кезде портфельдік тәсіл қолданылады. Кредиттерді бір портфельге біріктірудің негіз қалаушы өлшемі - олар берілген өнім.

Кредиттік портфельді бағалау кезінде кредиттік портфельдегі тәуекелдің шоғырлануы бағаланады. Шоғырлану көптеген нысандарда болады және кредиттердің едәуір мөлшері ұқсас сипаттамаларға ие болған кезде туындайды. Эмитент кредиттік портфельді әртараптандыруды бірқатар өлшемшарттар бойынша ескереді, олардың негізгілері мыналар болып табылады: жеделділік, қарыз алушы өтініштерінің саны, белгіленген пайыздық мөлшерлемелер, мерзімі өткен күндердің саны, басқа қаржы институттарында параллель қарыздардың болуы, клиенттің төлеу тәртібі, кепілмен қамтамасыз ету түрі және өзге де өлшемшарттар. Эмитенттің кредиттік портфелінің сапасын бағалаудың негізгі аспектісі 30 күннен астам мерзімі өткен негізгі борыштың деңгейін талдау болып табылады: нақты көрсеткіштердің жоспарлы көрсеткіштерге сәйкестігін бақылау мақсатында мерзімі өткен негізгі борыштың көлемі мен динамикасын талдауды тұрақты негізде жүзеге асырады.

Өтімділік тәуекелі

Өтімділік тәуекелі белсенді операциялар бойынша талап ету мерзімдерінің міндеттемелер бойынша өтеу мерзімдерімен сәйкес келмеу тәуекелін білдіреді. Өтімділікті бағалау жүзеге асырылады:

- Эмитенттің иелігіндегі активтердің санына және Эмитент үшін елеулі шығынсыз оларды өткізудің ықтимал мерзімдеріне байланысты;
- алынған міндеттемелерге, оларды өтегенге дейінгі мерзімдерге және міндеттемелер санының уақыт бойынша өзгеру динамикасына байланысты.

Егер өтімді активтер мен қаржы ресурстарының болжамды түсімі белгілі бір уақыт кезеңінде міндеттемелерді орындау үшін жеткіліксіз болса, позиция тәуекелді болып саналады. Өтімділікті басқару жөніндегі қызметті үйлестіруді Қазынашылық Басқармасы қысқа мерзімді, орта мерзімді және ұзақ мерзімді өтімділікті бақылау арқылы жүзеге асырады. Өтімділік тәуекелін реттеу ақша ресурстарының тапшылығын/артығын бақылау, өтеу мерзімдеріне, олардың өтімділік дәрежесіне және кірістілік деңгейіне байланысты құралдар бойынша ақша ресурстарын бөлу және қайта бөлу арқылы жүзеге асырылады. Өтімділікті басқару міндеттемелерді өтеу мерзімі басталған кезде оларды реттеу үшін қажетті өтімді активтер деңгейіне талдау жүргізуді; қаржыландырудың әртүрлі көздеріне қолжетімділікті қамтамасыз етуді; қаржыландырумен проблемалар туындаған жағдайда жоспарлардың болуын талап етеді.

Валюталық тәуекел

Валюталық тәуекел Эмитенттің шетел валютасымен көрсетілген міндеттемелерінің орындалуына әсер ететін шетел валютасына қатысты теңге бағамының ықтимал құбылмалылығымен байланысты. Эмитенттің қаржылық жағдайы, оның өтімділігі, қаржыландыру көздері, Эмитент қызметінің нәтижелері Эмитенттің осы тәуекелдерді хеджирлеуге қатысты жүргізетін жұмысына байланысты валюта бағамдары өзгерісінің елеусіз тәуекеліне ұшырайды. Эмитент валюта бағамындағы өзгерістердің әсерін азайту үшін барлық қажетті іс-қимылдарды, оның ішінде тартылған және орналастырылған қаражат құрылымын тиімді басқаруды жүзеге асыруды жоспарлап отыр. Валюталық тәуекел шетел валюталарындағы ашық позициялар бойынша шетел валюталары бағамдарының қолайсыз өзгеруі салдарынан болатын залалдар тәуекелін білдіреді. Валюталық тәуекелге ұшырағыштықты анықтауды, өлшеуді және бағалауды жүзеге асыру үшін Эмитент мынадай құралдарды қолданады: валюталық тәуекел бойынша ішкі лимиттер, валюталық тәуекелге стресс-тестілеу.

Пайыздық тәуекел

Эмитенттің қызметі пайыздық тәуекелге ұшырайды, ол негізінен сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруін бақылау арқылы басқарылады. Қарыз ақша қаражатына пайыздық мөлшерлемелердің күрт өсуі кезінде Эмитент неғұрлым жоғары рентабельділігі бар бағыттарды басым қаржыландыруды ескере отырып, тартылған қаражатты бөлу құрылымын қайта қарауды жоспарлап отыр. Осыған байланысты қысқа мерзімді перспективада пайыздық мөлшерлемелердің өсуі Эмитенттің төлем қабілеттілігіне айтарлықтай әсер етпеуі тиіс.

Пайыздық мөлшерлемелерді қайта қарау мерзімдерін талдауға негізделген пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелін басқару қаржы активтері мен міндеттемелердің сезімталдығына бақылау жасаумен толықтырылады. Таза пайыздық пайданың немесе капиталдың пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруіне сезімталдығын талдау кірістілік қисықтарының пайыздық мөлшерлемелерді ұлғайту немесе азайту жағына параллель жылжуының оңайлатылған сценарийі негізінде жасалады.

Нарықтық тәуекел

Нарықтық тәуекел - бұл қаржы құралдары бойынша болашақ ақша ағындарының әділ құны нарықтық параметрлердегі өзгерістер салдарынан құбылып отыру тәуекелі. Эмитент құбылмалы пайыздық мөлшерлемелері бар құралдарды тартпайтынын және шығармайтынын, сондай-ақ үлестік құралдарды тартпайтынын ескере отырып, Эмитент басшылығы Эмитенттің болашақ ақша ағындарына әсер ететін негізгі нарықтық параметр ретінде валюта бағамы өзгерістерінің әсерін бағалауды жүргізеді.

Эмитенттің қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігі (оның ішінде эмитенттің бір немесе бірнеше контрагентінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) эмитенттің өз қаржылық міндеттемелерін дереу және бір мезгілде орындауы күтілмеген қажеттілігінің туындауы нәтижесінде туындайтын, эмитенттің өз міндеттемелерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан эмитентте залалдардың туындауына байланысты тәуекелдер жеке сипатталады.

Эмитенттің қызметі Эмитенттің қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерінің теңгерімсіздігі (оның ішінде Эмитенттің бір немесе бірнеше контрагенттерінің қаржылық міндеттемелерін уақтылы орындамауы салдарынан) және (немесе) Эмитенттің өз қаржылық міндеттемелерін дереу және бір мезгілде орындауы күтілмеген қажеттілігінің туындауы нәтижесінде туындайтын өз міндеттемелерін толық көлемде орындауды қамтамасыз етуге қабілетсіздігі салдарынан Эмитентте залалдардың туындауына байланысты тәуекелдерге ұшырайды. Эмитент осы

тәуекелдің ықпалын төмендету үшін барлық қажетті іс-қимылдарды қабылдауды, оның ішінде активтер мен міндеттемелер құрылымын тиімді басқаруды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.

Эмитенттің қаржылық есептілік көрсеткіштерінің қайсысы қаржылық тәуекелдердің әсері нәтижесінде өзгерістерге неғұрлым көбірек ұшырайтыны, олардың туындау ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты көрсетіледі:

Қаржылық тәуекелдерге Эмитенттің міндеттемелері (қарыздар, кредиторлық берешек), сондай-ақ Эмитенттің жекелеген активтері (берілген микрокредиттер) көбірек ұшырайды. Эмитент қаржылық тәуекелдердің туындау ықтималдығын мардымсыз деп бағалайды, өйткені Эмитент Эмитенттің қызметі мен қаржылық жағдайына осы тәуекелдердің әсерін бақылау, қадағалау және азайту үшін барлық қажетті іс-қимылдарды қабылдауды жоспарлайды.

3) *құқықтық тәуекел – эмитентте мыналарға байланысты залалдардың туындау тәуекелі сипатталады:*

– *Қазақстан Республикасының валюта, салық, кеден заңнамасындағы өзгерістер:*

Эмитент құқықтық тәуекелді мыналарды қосқанда, әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсері салдарынан залалдардың туындау тәуекелі ретінде анықтайды:

а. Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгеруі;

б. Эмитенттің өз қызметін және ішкі құжаттарын Қазақстан Республикасы заңнамасының өзгерістеріне уақытылы сәйкестендіруге қабілетсіздігі.

– *эмитенттің негізгі қызметін лицензиялау жөніндегі талаптар:*

Эмитент негізгі қызметін уәкілетті орган берген лицензия негізінде жүзеге асырады, осыған байланысты лицензиялау саласындағы өзгерістер Эмитент қызметінің нәтижелеріне елеулі әсер етпейді деп есептейді.

– *эмитенттің Қазақстан Республикасы азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы:*

Эмитент бұл тәуекелді мыналарды қоса алғанда, әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен шығындардың туындау тәуекелі ретінде анықтайды:

а. Эмитенттің, клиенттердің немесе қарсы серіктестердің жасалған мәмілелердің талаптарын бұзуы;

б. құқықтық жүйенің жетілмеуі (жеткілікті құқықтық реттеудің болмауы, өзгерістерге ұшырау, оның ішінде мемлекеттік реттеу және (немесе) қадағалау әдістерінің жетілдірілмеуі бөлігінде, жекелеген мәселелерді келіссөздер арқылы шешудің мүмкін болмауы және нәтижесі ретінде - оларды реттеу үшін сот органдарына жүгіну.

– *қызметті жүзеге асыру кезінде жіберілетін құқықтық қателіктер (дұрыс емес заң консультацияларын алу немесе құжаттарды дұрыс жасамау, соның ішінде сот органдарында даулы мәселелерді қарау кезінде):*

Эмитент бұл тәуекелді мыналарды қоса алғанда, әртүрлі ішкі және сыртқы факторлардың әсерінен залалдардың туындау тәуекелі ретінде анықтайды:

а. Эмитент қызметкерлерінің немесе басқару органдарының іс-әрекеттері салдарынан қызметінде құқықтық қателіктерге әкелетін құқықтық жұмысты тиімсіз ұйымдастыру;

- б. Эмитенттің ішкі құжаттарының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келмеуі;
- в. Қазақстан Республикасының заңнамасын, оның ішінде қарсы серіктестерді сәйкестендіру және зерттеу, пайда алушыларды (пайдасына клиенттер жұмыс істейтін адамдарды) анықтау және сәйкестендіру жөніндегі заңнамасын сақтамау;
- г. операциялар мен басқа да мәмілелерді, қаржылық инновациялар мен технологияларды жүргізудің жаңа қызметтері мен шарттарын әзірлеу және енгізу кезінде құқықтық мәселелердің жеткіліксіз пысықталуы.

Эмитент құқықтық тәуекелді төмен деп бағалайды, өйткені осы тәуекелді тиімді басқару Эмитенттің тәуекелдерді басқару жүйесінің негізгі элементтерінің бірі болып табылады.

- 4) *іскерлік беделін жоғалту тәуекелі (бедел тәуекелі) - эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның өнімдерінің (жұмыстарының, көрсетілетін қызметтерінің) сапасы немесе тұтастай алғанда оның қызметінің сипаты туралы жағымсыз түсініктің қалыптасуы салдарынан клиенттер (контрагенттер) санының азаюы нәтижесінде эмитентте залалдардың туындау тәуекелі сипатталады:*

Эмитенттің қызметінде Эмитенттің қаржылық тұрақтылығы, қаржылық жағдайы, оның қызметтерінің сапасы немесе тұтастай алғанда оның қызметінің сипаты туралы жағымсыз түсініктің қалыптасуы салдарынан клиенттер (контрагенттер) санының азаюы нәтижесінде залалдардың туындау тәуекелі бар.

Эмитент бұл тәуекелді мардымсыз деп бағалайды, өйткені Эмитенттің іскерлік беделін қолдау мақсатында Эмитент:

- Эмитенттің контрагенттерімен шарттық міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді;
- клиенттерге, контрагенттерге, реттеу және қадағалау органдарына және басқа да мүдделі тараптарға ұсынылатын қаржылық есептіліктің және басқа да жарияланатын ақпараттың нақтылығын бақылауды жүзеге асырады;
- жыл сайынғы аудиттен өтеді;
- клиенттердің және контрагенттердің іскерлік беделіне бақылау жүргізеді;
- қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында ішкі бақылауды ұйымдастыру туралы заңнаманың сақталуын бақылайды;
- қызметкерлердің корпоративтік этика нормаларын сақтауын бақылайды.

- 5) *стратегиялық тәуекел - эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын және эмитенттің қызметіне қатер төндіруі мүмкін ықтимал қауіптерді тиісті түрде немесе жеткілікті түрде есепке алмаудан, эмитент бәсекелестерінің алдында артықшылыққа қол жеткізуі мүмкін қызметтің перспективалық бағыттарын дұрыс емес немесе жеткілікті түрде негізделмеген айқындаудан, эмитент қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық және адами) болмауынан немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуінен көрінетін шешімдерді қабылдау кезінде жол берілген қателіктердің (кемшіліктердің) нәтижесінде эмитентте залалдардың туындау тәуекелі сипатталады:*

Эмитенттің қызметінде Эмитенттің қызмет және даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын және Эмитенттің қызметіне қатер төндіруі мүмкін ықтимал қауіптерді тиісті түрде немесе жеткілікті түрде есепке алмаудан, Эмитент бәсекелестерінің алдында артықшылыққа қол жеткізуі мүмкін қызметтің перспективалық бағыттарын дұрыс емес немесе жеткілікті түрде негізделмеген айқындаудан, Эмитент қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық және адами) болмауынан немесе толық көлемде қамтамасыз етілмеуінен көрінетін шешімдерді қабылдау кезінде жол берілген қателіктердің (кемшіліктердің) нәтижесінде Эмитентте залалдардың туындау тәуекелі бар.

Эмитент бұл тәуекелді мардымсыз деп бағалайды, өйткені Эмитенттің стратегиялық шешімдерін тиімді бағалауды және іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында компанияның ағымдағы жағдайын, қызметтің басым бағыттарын айқындауды, стратегиялық жоспарларды әзірлеуді, сондай-ақ қабылданған стратегиялардың іске асырылуын бақылауды қоса алғанда, қысқа мерзімді және орта мерзімді жоспарлау бағдарламасы қолданылады. Эмитенттің стратегиясымен айқындалған қойылған міндеттер мен жоспарларды іске асыру барысында Эмитенттің стратегиялық жоспарларына және/немесе қызметіне қандай да бір сегменттегі есептік өлшемдердің болжамды мәндерден ауытқулары анықталған жағдайда сыртқы және/немесе ішкі нарық конъюнктурасы өзгерістерінің әсерінен түзетулер енгізілуі мүмкін. Эмитент стратегиялық тәуекел деңгейін мардымсыз деп бағалайды.

- б) *эмитенттің қызметіне байланысты тәуекелдер - эмитенттің қызметіне ғана тән немесе негізгі қаржы-шаруашылық қызметіне байланысты тәуекелдер, оның ішінде мыналармен байланысты тәуекелдер сипатталады:*

– үшінші тұлғалардың, оның ішінде эмитенттің еншілес ұйымдарының борыштары бойынша эмитенттің ықтимал жауапкершілігі:

Осы проспектіні бекіту күні Эмитент үшінші тұлғалардың борыштары бойынша жауапкершілік көтермейді. Эмитенттің еншілес ұйымдары жоқ.

– айналымы эмитенттің өнімін (жұмысын, көрсететін қызметін) сатудан түскен жалпы түсімнің кемінде 10 (он) пайызын құрайтын тұтынушыларды жоғалту мүмкіндігімен:

Осы проспектіні бекіту күні Эмитентте айналымы Эмитенттің өнімін (жұмысын, көрсететін қызметін) сатудан түскен түсімнің кемінде 10 (он) пайызын құрайтын тұтынушылар жоқ.

- 7) *елдік тәуекел - экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты шетелдік контрагенттердің (заңды, жеке тұлғалардың) міндеттемелерді орындамауы нәтижесінде, сондай-ақ ақша міндеттемесінің валютасы контрагентке оның резиденттік елі заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты қолжетімсіз болуы мүмкіндігі салдарынан (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) эмитентте залалдардың туындау тәуекелі сипатталады:*

Эмитент валюталық хеджирлеу мәмілелері шеңберінде рейтингі жоғары шетелдік контрагенттермен жұмыс істейді. Бұл ретте, осындай мәмілелер бойынша шетелдік контрагенттердің міндеттемелері Эмитентке қарсы талаптармен жабылған, бұл ең төменгі елдік тәуекелді білдіреді.

- 8) *операциялық тәуекел - эмитент қызметкерлері тарапынан жол берілген ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың тиісінше жұмыс істемеуі нәтижесінде, сондай-ақ*

сыртқы оқиғалар салдарынан шығыстардың (залалдардың) туындау тәуекелі сипатталады:

Операциялық тәуекел - бұл жүйелік іркіліс, қызметкерлердің қателіктері, алаяқтық немесе сыртқы оқиғалар салдарынан туындайтын тәуекел. Бақылау жүйесі жұмысын тоқтатқанда операциялық тәуекелдер беделге нұқсан келтіруі, құқықтық салдарларға ие болуы немесе қаржылық залалдарға әкелуі мүмкін. Эмитент барлық операциялық тәуекелдердің жойылғанын болжай алмайды, бірақ бақылау жүйесінің көмегімен және әлеуетті тәуекелдерге тиісті реакция арқылы Эмитент осындай тәуекелдерді белсенді түрде басқарады. Бақылау жүйесі міндеттерді тиімді бөлуді, қол жеткізу құқығын, бекіту және салыстыру рәсімдерін, қызметкерлерді оқытуды, сондай-ақ ішкі тексерулерді қоса алғанда, бағалау рәсімдерін көздейді.

35. Эмитент қатысатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат:

Эмитент Қазақстанның микроқаржы ұйымдарының қауымдастығына кіреді.

36. Егер эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары болған жағдайда, әрбір осындай заңды тұлға бойынша мынадай ақпарат көрсетіледі:

Эмитенттің еншілес және (немесе) тәуелді заңды тұлғалары жоқ.

37. Эмитент жарғылық капиталдың он және одан асатын пайызына иелік ететін ұйымдар туралы, әрбір осындай ұйым бойынша көрсетумен мәліметтер (35-тармақта көрсетілген заңды тұлғаларды қоспағанда):

Эмитент қандай да бір заңды тұлғалардың жарғылық капиталының он және одан асатын пайызына иелік етпейді.

38. Эмитенттің кредиттік рейтингтері туралы мәліметтер:

2021 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Эмитент «Fitch» рейтингтік агенттігінің «B+» рейтингіне ие (болжам «Тұрақты»).

39. Эмитенттің облигацияларын ұстаушылардың өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):

- 1) облигацияларды ұстаушылар өкілінің толық және қысқартылған атауы;
- 2) облигацияларды ұстаушылар өкілінің орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;
- 3) эмитенттің облигацияларды ұстаушылардың өкілімен жасаған шартының күні және нөмірі.

Бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

40. Эмитенттің төлем агенті туралы мәліметтер (бар болса):

- 1) төлем агентінің толық атауы;
- 2) төлем агентінің және оның бағалы қағаздар бойынша кіріс (облигациялардың номиналды құнын) төлеуді жүзеге асыратын барлық филиалдарының орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері, деректемелері;
- 3) эмитенттің төлем агентімен шартының күні және нөмірі.

Бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

41. Эмитент консультанттары туралы мәліметтер (Егер Бағалы қағаздар рыногы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық

- 1) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның толық және қысқартылған атауы;
 - 2) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және тізімде болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғаның орналасқан жері, байланыс телефондарының нөмірлері;
 - 3) эмитенттің бағалы қағаздарын қор биржасының ресми тізіміне енгізу және тізімде болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсететін тұлғамен эмитенттің жасаған шартының күні және нөмірі.
- Эмитенттің өзге консультанттары туралы мәліметтер, егер эмитенттің пікірі бойынша мұндай мәліметтерді ашу эмитенттің бағалы қағаздарын сатып алу туралы шешім қабылдау үшін елеулі болып табылса, осы тармақта көрсетіледі.

Бағдарламаны мемлекеттік тіркеу кезінде осы тармақ толтырылмайды.

42. Эмитенттің аудиторлық ұйымы туралы мәліметтер:

Аудиторлық ұйымның толық ресми атауы	«Эрнст энд Янг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Тиісті аккредиттелген кәсіби аудиторлық ұйымдарға жататынын көрсету	«Қазақстан Республикасының Аудиторлар палатасы» кәсіби аудиторлық ұйымының мүшесі, 2006 жылғы 11 қаңтардан бастап.
Телефон және факс нөмірі, электронды поштаның мекенжайы	Тел: +7 (727) 258 59 60 Website: http://www.ey.com

43. Осы қосымшаның 19, 20, 21 және 22-тармақтарында көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» 1998 жылғы 22 сәуірдегі және «Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы заңдарына сәйкес эмитенттің аффилиирленген тұлғалары:

Осы тармақ бойынша ақпарат осы проспектіге 1 Қосымшада көрсетілген.

Басқарма төрағасы



Ш.А.Жусупов



1-қосымша. Эмитенттің аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАР					
№	Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)	Аффилиирлікті тану үшін негіздер	Аффилиирліктің пайда болу күні	Тұрғылықты елі	Ескертпе
1	Абдуалиева Кулзира Ауескалиевна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 б. 2-т. 1-тт.	2007 жылғы 28 қараша	Қазақстан Республикасы	қатысушы
2	Абенова Альмира Курбаналиевна	ЖШС туралы ҚРЗ 12-1 б. 2-т. 1-тт. және 3-тт.	2006 жылғы 22 желтоқсан	Қазақстан Республикасы	Атқарушы органның (Басқарма) мүшесі, қатысушы
